«АБАЙ ОБЛЫСЫ
АЯГӨЗ АУДАНЫ АҚШӘУЛІ
АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«АППАРАТ АКИМА
АКШАУЛИНСКОГО СЕЛЬСКОГО
ОКРУГА АЯГОЗСКОГО РАЙОНА
ОБЛАСТИ АБАЙ»

ӨКІМ

20. 02. 2026
Ақшәулі ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 20
Село Акшаули

Бір көзден Тікелей шарт жасасу туралы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңның 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасына, "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 Бұйрығының 506-509-тармағына сәйкес Бір көзден Тікелей шарт жасасу. Қызмет көрсетуді сатып алу қажеттілігіне байланысты **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Бір көзден алу тәсілімен қызметті сатып алуды жүзеге асыру.

2. Сатып алуды келесідей негіздері: Заңның 16-бабы 3-тармағының 28-тармағы: 3. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

28) егер құндық мәндегі осындай біртекті тауарлардың жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жүз еселенген мөлшерінен аспаса, егер құндық мәндегі осындай біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін біртекті тауарларды сатып алу - республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшері.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы:

506. Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

507. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не Тапсырыс беруші аппаратының басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам қабылдайды.

508. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда, мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7)

тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып жүзеге асырылады.

509. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған адам заңның 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

3. Көше жарығы үшін электр энергиясы бойынша мемлекеттік сатып алуға жауапты адам Ақшәулі округі әкімі аппаратының бас маманы А.Турысжанов қолданыстағы заңнамаға сәйкес өнім берушімен шартты рәсімдеу үшін қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы өкімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

Ақшәулі ауылдық округінің әкімі **Ж.Тортаев**

000233